



# ҚР кәсіпкерлік қызметтің даму түрлері және ахуалы

5B051100 Маркетинг  
мамандығының 1 курс күндізгі  
бөлім студенті  
**Абдрахим Арайлым  
Жанатқызы**

# Жоспары:

## **0 Кіріспе**

- 0 Республикадағы кәсіпкерліктің даму кезеңдері
- 0 Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы
- 0 Елдегі кәсіпкерліктің проблемалары
- 0 Кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау шаралары
- 0 " Даму " кәсіпкерлікті дамыту қоры
- 0 Біздің елдегі кәсіпкерліктің болашағы қандай және кімдерден үлгі алуымыз керек?

## **0 Қорытынды**


- 0 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

# Кіріспе

*Кәсіпкерлік саласы Қазақстан Республикасының экономикасының дамуына орасан роль атқаратыны мәлім. Еліміздің жоспарлы экономикадан нарықты экономикаға көшуінің өзі, қоғам өмірінің барлық салаларына үлкен өзгерістер алып келді. Бүгінгі күні кәсіпкерлікті дамыту үшін жаңадан көптеген жағдайлар жасалынуда. Елдің жаңа экономикалық қатынастарға түсуі, оның дамуының мықты инфрақұрылымын құру, әрине, кәсіпкерліктің дамуынсыз жүзеге асуы мүмкін емес.*


Әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру – елде дамыған нарықтық экономика қалыптастыру

- Қазақстан мақсаты



Кәсіпкерлікті дамыту

- Қалай?




«жасырын» монополияларды жойып, бәсекелестіктің арттыруына жағдай жасаған кезде

- Мүмкін бе?



**Кәсіпкерлік іс** дегеніміз - өндіріс, қызмет көрсету, жұмыс орындау сияқты шаруашылық және басқа да істе пайда түсіру мақсатымен жеке адамдардың кәсіпорындар немесе ұйымдардың заң жүзінде жүзеге асыратын ісі.

**Кәсіпкерлік келесі салалар бойынша бөлінеді:**



# Республикадағы кәсіпкерліктің даму кезеңдері

Біз қабылданған нормативті-құқықтық актілердің және оларды іске асыру нәтижелерінің негізінде Республикадағы *кәсіпкерліктің даму уақытын* үш кезеңге бөле аламыз:

1987-2001 жж.

- Еліміздің экономикасы дағдарыстық күйден өз қызметін тұрақтандыру кезеңіне өтті.
- Он есе дамыту жөнінен көптеген заңдар мен бағдарламалар қабылданды.
- Халық шаруашылығы кәсіпорындарының біраз бөлігін мемлекет меншігінен шығару мен жекешелендіру кезеңдерін бастан кешірді. **Тұтастай бұл уақытты Республикадағы кәсіпкерліктің қалыптасуы кезеңі ретінде сипаттауға болады.**

2002 жыл мен қазіргі уақытты қоса алғанда

- Негізінен, имитациялық кәсіпкерлік тән, яғни жаңашылдардың жаңалықтарын белсенді түрде пайдалану. **Кәсіпкерлік тұрақты дамыған кезең.**
- Кәсіпкерлер үшін жаңа бизнес-үлгілерді енгізі тенденциясы байқалды (мысалы, франчайзинг).
- 2002 жылдан бастап, «Қазақстан Республикасының 2002-2004 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы», «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамытудың және қолдаудың 2004-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасын» қабылдау

Болашақта


- Экономикасы дамыған елдердегі кәсіпкерліктің дамуында қол жеткен әлеуметтік-экономикалық параметрлеріне сәйкес, мәні инновациялық процестер мен өнімді экспорттаумен байланысты үшінші кезеңді анықталады.

## Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы



Суреттен көріп отырғанымыздай, бүгінде шағын бизнестің үлесі айтарлықтай, яғни жұмыссыздықты, халықтың әл ауқатын көтеретін және тұрақты экономиканың өсуін қамтамасыз ететін шағын бизнес екені белгілі. Жұмыспен қамтудың салалық құрылымын қарастырсақ шағын бизнеспен айналысатын әрбір үшінші адам сауда және қызмет көрсету жүйесінде, әрбір бесінші өнеркәсіптік өндірісте, әрбір алтыншысы құрылыста еңбек етеді. Тұрғындарды жұмыспен қамтудың саны жағынан алғанда сауда саласында олардың 36,1%, өнеркәсіптік өндіріс орындарында 21,2 % істейді, қалғандары түрлі қызмет көрсетумен айналысады. Бұл деректің сауда ісі әлі де басым екендігінде, салалық құрылымдарда өндіріс көлемі әліде өзгере қоймаған көруге болады. Шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамту және фирмалар санының өсуі - негізінен коммерциялық кәсіпорындар есебінен толығып , жалпы алғанда баяу өседі.

## Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері қызметтерінің көрсеткіштер құрылымы



2016 жылғы қаңтар-маусымда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерімен өнім шығарылымы 6473,5 млрд. теңгені құрады. ШОК субъектілерінің жалпы санында дара кәсіпкерлер үлесі 70,3%, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 15,2%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 14,2%, орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар – 0,2%-ды құрады.


## 0 Шағын және орта кәсіпкерлік дамуының 2016 жылғы көрсеткіштері

	2016 жылғы 1 қазанға жағдай бойынша	2016 жылғы 1 шілдеге жағдай бойынша	2016 жылғы қаңтар-маусым
	Жұмыс істеп тұрған субъектілер саны	Жұмыспен қамтылғандар саны	Өнім шығарылымы (салғастырмалы бағада)
<b>Қазақстан Республикасы</b>	93,7	101,0	95,8
Ақмола	100,0	102,7	101,0
Ақтөбе	97,5	99,3	112,9
Алматы	89,6	111,9	83,5
Атырау	96,2	111,9	118,5
Батыс Қазақстан	83,7	94,6	93,1
Жамбыл	77,2	94,3	96,3
Қарағанды	99,6	96,7	95,6
Қостанай	84,8	95,5	98,8
Қызылорда	93,7	94,9	77,6
Маңғыстау	99,8	102,6	85,3
Оңтүстік Қазақстан	95,6	99,5	102,0
Павлодар	98,8	98,7	76,3
Солтүстік Қазақстан	77,9	94,4	103,0
Шығыс Қазақстан	90,1	95,0	94,3
Астана қ.	104,1	103,3	78,4
Алматы қ.	97,7	104,5	107,3



Кәсіпорындардың нарықтағы тұрақтылығын шешу жолдарының, шағын кәсіпорындарды дамытудың тиімді әдістерінің бірі – *франчайзинг* болып табылады.

## Франчайзингтің бірқатар артықшылықтары:



- біріншіден, жаңа кәсіпкерлерге – табысы тұрақты бизнестің кемеімен өзіндік кәсібін ұйымдастыруға мүмкіндік береді

- екіншіден, танымал компаниялардың нарықтағы қызметін кеңейту және нығайту жолы

- үшіншіден, мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдаудағы тиімді тетігі болып табылады.

- Қазір кез келген кәсіпкер өз тауар маркасын дүниеге алып келіп, оны заңды тіркей алады. Бірақ тауар маркасын брендке айналдырып, оны қоғамға танымал ету үшін қыруар қаражат керек.
- Мұндай инвестицияны Қазақстан кәсіпкерлерінің басым бөлігінің қалтасы көтермейді. Сондықтан қазіргі кезде кәсіпкерлерге франчайзинг арқылы танымал тауар маркасын қолдану құқығын сатып алған өте ыңғайлы.



1994 жылы Қазақстанның сусындар нарығына америкалық "Coca Cola" компаниясы өз өнімдерімен келді. Компания газдалған сусындарды өндіру және өткізумен айналысады. Нарықтың осы сегментінде "Coca Cola" компаниясының үлесі 38%.



Ал 1995 жылы Алматы қаласында "Алматы Кока Кола Ботлерс" сусындарды құю зауыты ашылды.




Соңғы уақыттан бері Қазақстанда франчайзингтік формада дамуға шешім қабылдаған кәсіпкелер ортасы белсенді түрде қалыптасуда



# Елдегі кәсіпкерліктің проблемалары

Қазақстандық мамандардың ел ішіндегі кәсіпкерліктің даму қиыншылығын негізгі 5 факторға бөліп, оларды шешудің әдістерін ұсынды:



# Кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау



## «Кәсіпкерліктің дамуы - мемлекеттің дамуы»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты халқына жолдауында «... кәсіпкерлік әлеуеті мен бастамашылығын іске асыруға тырысқан түрлі топтары үшін қаржы ресурстары мен сараптама жасаудың нақты қайнарына айналуға тиіс. Қордың өкілдік желісін кеңейту, өңірлердегі кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған жұмысты күшейту қажет. Сонымен қатар, металлургияда, банк саласында, сақтандыруда, химия өнеркәсібінде және басқа салаларда сақталып қалған «жасырын» монополияларды құрту қажет. Мұны монополияға қарсы заңнаманы реформалау арқылы, сондай-ақ отандық және шетелдік жаңа компаниялардың экономиканың осы секторларына кіруі үшін тартымды әрі ашық жағдайлар туғызу арқылы, яғни осы секторлардағы бәсекелестікті арттыру арқылы жасау керек»

# Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларының тиімділігі

Қазақстанда жеке кәсіпкерлікті қолдау мәселесі алғаш рет 1992 жылғы «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» заңында көрініс тапты. Соңғы уақытта шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ҚР-ның Президентінің бастамасымен 5 заң, заңдық күші бар 7 жарғы, бірнеше бағдарламалар қабылданған: 1999-2000, 2001-2002 ж.ж. арналған шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік дамыту мен қолдау туралы. Дегенмен, оған қажетті жағдайлардың біртіндеп қалыптасып келе жатқанына қарамастан, шағын кәсіпкерлікті баяу қарқынды және қиын түрде дамып келеді. Қазіргі кезде нарықтық экономиканың ерекше секторы ретінде шағын кәсіпкерлік қалыптасуының алғашқы қадамдары ғана жасалды. Сондықтан **шағын және орта кәсіпкерлікті** қолдау мен ынталандыру бүгінгі күнгі мемлекетіміздің алдындағы шешетін өзекті мәселелерінің бірі.

- 0 Европалық Қайта Құру мен Даму Банкі ҚР-ның шағын бизнесті қолдау Қорымен бірлесе отырып шағын кәсіпкерлікті несиелендіру бағдарламасын қалыптастыруда. Бұл бағдарламаның мақсаты – шағын және орта кәсіпорындарға қысқа мерзімді және орта мерзімді несиелер беру арқылы бәсекелі жеке секторды кеңейту және жақсартуға ықпал ету. Несиелік линия көлемі 775 млн. долл. және несиенің үш түрін беруді ұсынады:
  - 1) micro (10 мың долларға дейін )-бұл теңгемен, шетел валютасымен де 12 айға дейін беріледі;
  - 2) large-micro(10- нан 30 мың долл. дейін ) шетел валютасымен 12 айға дейін;
  - 3) small(30-нан 125 мың долл.дейін / шетел валютасымен 30 айға дейін; ал теңгемен 12 айға дейін беріледі.
- 0 ҚР-ның Президентінің «Қазақстан - 2030» бағдарламасында да көрініс тапқан: экономикалық өсу стратегиясының принципі ретінде шағын кәсіпкерлікті дамытудың мақсаты - оны дамыту үшін қолайлы жағдай жасау. Негізгі басымдықтар:
  - 1) мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі өзара іс- қимылы;
  - 2) несиелендіру тиімді және қол жеткізілетін жүйелерін қалыптастыру;
  - 3) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылым дамыту;
- 0 ҚР-дағы шағын кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік шараларының бірі «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау күшейту және оны жетілдіру жөніндегі шаралар туралы ҚР-ның Президентінің Жарлығы /06.03.1997 ж./». Бұл жарлық бойынша :
  - 1) шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау институты құрылды: ҚР-ның Экономика және Сауда Министрлігінің шағын кәсіпкерлікті қолдау Департаменті (бүгінгі таңда шағын кәсіпкерлікті қолдау функциясы Индустрия және Сауда Министрлігіне жүктелген );
  - 2) шағын кәсіпкерлікті дамыту Қоры құрылады;
  - 3) мемлекеттік тексеруші органдар саны азайтылады;
  - 4) екінші деңгейлі банктердің минималды көлеммен несиелендіру бекітілді.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік саясатының негізгі үйлестірушісі мен серігі болып 1997 жылы мамырда құрылған Шағын кәсіпкерлікті қолдау Департаменті болып саналады. Оның құрамында 2 сараптау кеңесі бар:

- 0 Біріншісі –нормативті және құқықтық актілерді зерттеу үшін шағын бизнесті қолдау жөніндегі кісіпкерлік құрылымының өкілдерінен тұрады;
- 0 Екіншісі – кәсіпкерлік қызметті жандандыру жөніндегі Президент жарлықтарын жүзеге асырумен айналысатын ведомствоаралық , министрлік өкілдерінен тұрады;

# «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры

## ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ АҒЫМДАҒЫ БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТУ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
2014-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН  
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2014 жылы 4 шілде күні «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (ары қарай – «Даму» Қоры) Директорлар кеңесінің отырысында «Даму» Қорының 2014-2023 жылдарға Даму стратегиясы бекітілді.

Қордың миссиясы Қазақстандағы қаржы құралдарының кең спектрі мен біліктілікті дамыту бойынша бағдарламалардан тұратын кешенді қолдау көрсету арқылы Қазақстанның ШОБ сапалы дамытуға себін тигізу болып табылады.

Стратегияның негізгі идеясы Қорды шағын және орта бизнеске қолдау көрсету және дамыту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыратын тиімді ұлттық институт ретінде қайта құру болып табылады.

«Даму» Қорының стратегиясы келесі дамыту бағыттарын іске асыруды көздейді: (1) ШОБ субъектілеріне қаржылық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету; (2) ШОБ субъектілерінің біліктілігін дамыту.

Қордың тиімді ұлттық институтты құру бойынша бірінші кезектегі міндеттері шегінде қызметтің қаржылық және операциялық нәтижелерінің залалсыз деңгейін қамтамасыз ету, қаржы ресурстарымен басқару тиімділігін арттыру, қызметтің айқындылығын және халықтың сенім деңгейін арттыру күтіледі.

«Даму» Қорының ШОБ қаржылық және қаржылық емес қолдау бойынша стратегиялық бағыттары шегінде ШОБ қаржылық қолдау көрсету көлемін арттыру, ынтымақтастық бағыттарын және жеке қаржы институттарымен бірлесіп ШОБ қаржыландыру/ортақ қаржыландыру механизмдерін кеңейту, ШОБ қаржыландыру көлемін арттыру үшін ішкі және сыртқы нарықтарда қосымша қорландыруды тарту, кәсіпкерлер үшін кеңес беру қызметінің инфрақұрылымын дамыту, кәсіпкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру, сондай-ақ ШОБ үшін біртұтас ақпараттық алаңды ендіру және қашықтықтағы консалтингті дамыту бойынша оң серпінді қамтамасыз ету күтіледі.

Негізгі қызметтің шегінде барлық шараларды іске асыру қаржылық-экономикалық саясатты, тәуекел-менеджментін жүргізуді, корпоративтік басқаруды жетілдіруді, кадрлық саясатты жетілдіруді, ішкі бақылау жүйесін жетілдіруді, заманауи ақпараттық технологияны ендіруді, қаржы ресурстарын басқару тиімділігін арттыруды, қызметтің айқындылығын және халықтың сенім деңгейін арттыруды және т.б. қоса, «Даму» Қорының қызметінің тиімділігін арттыру бойынша жұмыспен байланысты:

- 0 Бастауыш кәсіпкерлерге көмек
- 0 СТАРП-АП бизнес
- 0 Бизесті дамыту
- 0 Әйелдер кәсіпкерлігі
- 0 Бизнес үшін несиелер
- 0 Несиелерге кепілдік
- 0 Қаржылай қолдау
- 0 Жастар кәсіпкерлігі
- 0 Мүгедек кәсіпкерлерді қолдау
- 0 Франчайзинг
- 0 Сатып алу мен тендерлер





# Біздің елдегі кәсіпкерліктің болашағы қандай және кімдерден үлгі алуымыз керек?

Экономикалық өсу қарқыны бойынша Қазақстан ТМД-да көшбасшысы орында нық тұр. Бұл тұрғыда ресейлік экономистің бағасын келтірген жөн болар. Леонид Григорьевич былай деп жазады: «Нақты ІЖӨ-нің орташа өсу қарқыны Қазақстан 2000-2002жылдары 10% асып түсті, мұның өзі елді осы көрсеткіш бойынша әлемде енді болса бірінші орынға шығарғандай. Алдағы он жылға болжам шамамен 7 % пайыздық өсім бермек, ал бұл дегеніңіз Оңтүстік Шығыс Азия «жолбарыстарынан» кейін көрінбеген жаңа даму деңгейіне сирек болатын секірістің бірін туғызбақ» **Яғни, болашақта Қазақстандағы кәсіпкерліктің өркендеуіне үлкен мүмкіндіктер бар.**

Экономикалық саясаттың тұрақтылығы, нарықтық инфрақұрылымның дамуы, интеллектуалды меншікті қолдаудың тиімді жүйесі, жеңілдетілген әкімшілік талаптар, жеке бастамашылыққа дем беретін идеологиялық жағдайлар жене тағы басқалар. Мысалы, АҚШ-та шағын бизнес мәселелерін шешетін арнайыұйым Шағын Бизнес Әкімшілігі бар; Жапонияда жергілікті билік органдары қарызды кепілдендіру жөнінде ассоциация құрған, Канадада бизнесті дамытудың федералды банкті арқылы кәсіпкерлерді несиелемен және кепілдемемен қамтамасыз етеді.

Кластерлік-желілік ұстаным негізінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы іске асырылған елдер – бұл Италия, АҚШ, Германия, Жапония, Корея, Дания, Мексика, Чили, Бразилия. Бірқатар дамыған және дамушы елдерде кластерлік-желілік ұстанымға негізделген шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасын іске асыруды мысалдар:

- 0 1. Италия. Бірінші рет кластерлік-желілік ұстаным Италияда 70 жылдары қолданылған. Шағын және орта бизнеске кластерлік-желілік ұстаным тұрғысынан осы ұстанымның бастау алатын “үшінші Италия” деген атқа ие болған Италияның тәжірибесі қызық. 70 жылдардың соңында “бірінші” және “екінші” Италия экономикалық дағдарысты басынан өткізді, елдің солтүстік-шығыс және орталық бөлігі экономикалық өсудің жоғары түрін көрсетті. Негізінен кәсіпорындар әрекет ететін (тоқыма және былғары өндірісі, аяқ киім, керамика және жиһаз өндірісі) бірқатар салаларда қалыптасқан кластерлер шеңберінде кәсіпкерлік субъектілері тек қана жаңа жұмыс орындарын ғана құрып қоймай, экспорт рыногына да шыға алды. Сол уақытта Германия мен Ұлыбританияның ірі кәсіпорындары құлдырауды басынан өткізіп жатты, “үшінші Италияның” кәсіпкерлік кластерлері өндіріс пен экспортты арттырды. Бұдан басқа, кәсіпкерлік кластерлері өндірістік процеске инновацияларды енгізуге қабілетті болып шықты.
- 0 2. АҚШ. ЖҰӨ-нің 50%-нен астамы, инновациялардың жартысынан астамы, ұлттық жұмысшы күшінің 2/3 астамы кәсіпкерлікке тартылған. АҚШ-та шағын және орта кәсіпкерлік ел экономикасын оңалтуда шешуші роль атқарады. Бұл үшін АҚШ-та аталған сектордың дамуына көмек беретін құрылым – АҚШ шағын бизнес әкімшілігі (1953 жылы құрылған) бар. Сапалы, клиентке бағытталған кең ауқымды бағдарламалар қалыптастыру және кәсіпкерлер қоғамдастығын барлық жаңалықтар туралы уақтылы хабардар ету – қызметтің мәні.
- 0 3. Жапония. Шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі барлық компаниялар санының 99,6%-ін, ЖІӨ-нің 55%-ін және өнеркәсіпке жұмыспен қамтылғандардың 80%-ін құрайды. Кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік саясатты іске асыру үшін кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік саясатты іске асыратын мамандандырылған органдар желісі құрылды. Жапонияда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі шаралары:
  - 0 - ШОБ-ті жаңғыру үшін кредиттер мен жеңілдікті кредиттерге кепілдік беру және сақтандыру жүйесі арқылы қаржыландыру қол жетімділікті жеңілдету (20 жылға 1,05%-тік ставкамен);
  - 0 - Бизнес-инкубаторлар құру, салық салу және менеджмент, персоналды басқару және рыноктағы ахуал туралы ақпарат, сондай-ақ оқыту бағдарламаларын ұсыну мәселелері бойынша қысқа мерзімді негізде мамандарды ұсынумен инвестициялық жобаларды бағалау арқылы бизнесті қолдау жүйесін құру;
  - 0 - Техникалық көмек, қаржылық және заңнамалық қолдау арқылы жаңа және венчурлық бизнес құруды ынталандыру;
  - 0 - Жаңа әзірлемелерді коммерциализациялауды қолдау мен ғылыми орта, бизнес және үкімет арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру арқылы технологиялардың дамуын қолдау;
  - 0 - Пайыздық төлем ставкалар бойынша субсидиялау және кредит беру арқылы бизнесте инновацияларды қолдау, венчурлік жобаларға мемлекеттің қатысуы және зерттеу кәсіпорындары үшін патенттік төлемдерді төмендету.
- 0 Жапонияда зерттеулерді дамыту деңгейі бойынша жетекші ролді технопарктер алады. 70% шамасында жапондық технопарктер өңірлердегі кәсіпкерлік кәсіпорындарын қолдау үшін құрылды, бұл ретте, 58%-і жоғары технологиялы өнімдер өндіруге бағытталған.
- 0 4. Германия. Германия кластерлік-желілік ұстанымды қолдаудың негізгі бағыты- бұл мынадай нарықтық тетіктерге:
  - 0 - Мемлекеттік қолдауға емес, шағын және орта кәсіпкерліктің дербестігіне басымдыққа;
  - 0 - Тиімсіз кәсіпорындар нарықтан кетуі тиіс;
  - 0 - Шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекеттің қаржылай көмек беруі үшін негізгі талап – кредитке қабілеттілікке тірек болады.
- 0 5. Корея. Барлық компаниялардың 99,5%-ін құрайтын 3 млн. шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Соның ішінде шағын компаниялардың үлесі 97% құрайды. Оңтүстік Кореяда шағын компаниялар жұмысқа орналастырудың маңызды көзі болып табылады, өйткені онда елдің экономикалық белсенді халқының 87%-і жұмыспен қамтылған (10 млн. астам). Шағын және орта кәсіпкерліктің үлесіне елдің ЖІӨ-нің жартысы және оңтүстіккореялық экспорттың 43%-і тиесілі.
- 0 6. Израиль. Қолдау инфрақұрылымының объектілері құрылған, олардың көпшілігі мемлекеттік. Кәсіпорындарды қаржыландыруға көмек беретін мемлекеттік және бірнеше жеке қорлар бар, ал мемлекеттік субсидия бизнесті жүргізу үшін қажетті қаражаттың 2/3-ін құрайды, 1/4- кәсіпкердің салған қаражаты. Бизнес-инкубаторларды қолдайтын венчурлық қорлар бар, оларда жаңа инновациялық жобалар жасалады.

# Қорытынды

Экономикалық өсу қарқыны бойынша Қазақстан ТМД-да көшбасшысы орында нық тұр:

- 0 Қазақстанда жеке меншік секторы серпінді дамып келеді, мұнда өнімнің 70 пайыздан астамы шығарылады.
- 0 Елде шағын кәсіпкерліктің 348 мың түрлі субъектілері жұмыс істейді. 100 мыңнан астам жеке меншік кәсіпорындары тіркелген, олардың 1700-дейі ірі өндірістер болып табылады.
- 0 Республикадағы шағын кәсіпорындарында жұмыс істейтіндердің саны өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 7 пайызға ұлғайып, 524,6 мың адамға жеткен. 2005 жылғы қаңтарда өнім өткізуден түскен табыс 48113,3 миллион теңге болды, бұл 2004 жылғы қаңтардағы деңгейден 11,9 пайызға артық.
- 0 Нарық институттары мен шаруашылық жүргізудің тетіктерін қалыптастыру саласында бірқатар түбейгелі қадамдарды жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстан реформалау қарқыны жағынан ТМД елдерінің көпшілігін басып озды.

**0 Қ.Р. Президентінің және Үкіметінің кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөнінен нормативті-заңды құжаттарын, экономикасы дамыған елдер мен отандық кәсіпкер жұмысының тәжірибесін зерттеу, сонымен қатар әйгілі ғалым-экономистердің зерттеулерінің негізінде диплом жұмысында келесі қорытындыларды тұжырымдадық:**

1. Кәсіпкерліктің теориялық негізіндерін зерттеу негізінде кәсіпкерлік, кәсіпкер және кәсіпкерлік табыстарын тектілік түсініктері дәлелденді. Ғалым-экономистердің еңбектерін жалпылау және Қазақстандағы кәсіпкерліктің даму ерекшеліктерін ескере отырып, кәсіпкерліктің осы формасының ұғымдық аппараты айқындалды.
2. Кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың әлемдік тәжірибесін талдау Қазақстанның ұлттық экономикасындағы адам қызметінің осы сферасының ролін және орнын анықтауға мүмкіндік береді.
3. Кәсіпкерліктің бір түрі – қаржылық кәсіпкерліктің бөлімі сақтандыру қызметі. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының қазіргі жағдайы мен даму тенденциялары. Нарықтағы сақтандыру компанияларының орнын бағаланылды. Сақтандыру нарығының дамуына әсер ететін факторлардың мәні ашылды.
4. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығындағы «Қазақшетсақтандыру» сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниясының кәсіпкерлік орны мен баму бағыты айқындалды. Сақтандыру қызметінің түрлері, топтары, класстарының жіктелімі берілді.
5. Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының тиімділігі, мемлекеттік қолдау, салық әкімшілігін жүргізу әсерін жетілдіру, несие ресурстарына қол жетімділігін қамтамасыз ету, нормативті құқықтық базаны жетілдіру кәсіпкерлерге көмек беру немесе жеңілдіктер тағайындау мақсаттарын жүзеге асыру бағдарламаларының тиімділігі айқындалды.

# Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында». Егемен Қазақстан 2 наурыз 2006 жыл 4-бет;
2. Шеденов Ө.Қ, Сағындықов Е.Н, Жүсінов Б.А, Байжамартов Ү.С, Комягин Б.И «Жалпы экономикалық теория» Ақтөбе –2004 жыл, 145-бет.
3. Мейірбеков А.Қ, Әлімбетов Қ.Ә «Кәсіпорын экономикасы» Алматы-2004 жыл
4. Афанасьев В. Анатомия малого бизнеса. Российская экономика.- 1994 год №2 – 56с
5. Приватизация и развитие новых форм хозяйствования Казахстан:1991-2001 годы. Информационно – аналитический сборник. Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2002- 170-174с.
6. Мейірбеков. «Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау жолдары мен дамыту әдістері ». «Ә. Ғ.К» ғылым дәрежесін алу үшін ұсынған кандидаттық диссертациясы. Алматы 2002 жыл.
7. Кошанов Е. Инновация и рыночная экономика Каржы-Каражат.1999 год-№5.-66 с.
8. Блинов А.О. Малое Предпринимательство: организационные и правовые основы деятельности. М.: Ось –89, 1998 год-336с.
9. «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» ресми сайты: <http://www.damu.kz/308>